

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Достық және жақындық

4-тарау. Тартымдылық және интимдік жақындық





Дәрістің мақсаты: оқырмандардың жақындық және достық туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. Достық;
2. Тартымдылық;
3. Ұнату теориялары.

Бүгін біз дәрісімізде достық және жақындық туралы сөз етеміз.

Достық

Біздің бір-бірімізге мәңгі тәуелділігіміз тіршілігіміздің негізіне айналған арақатынасымызға арқау болады. О баста, бәлкім, бұл қызығушылықтың туындауы – нақты ер адам мен нақты әйел адамның арасындағы құштарлық болған шығар. Аристотель адамдарды «әлеуметтік жануарлар» деп атаған. Шынында да, бізге әлеуметтік психологтар қандай да бір топқа тиесілі болу – басқалармен берік, тығыз арақатынаста болу мұқтажы деп атайтын бір сипат тән.

Ұнату мен махаббат туралы жазылған дүниенің көптігі сонша – барлық мүмкін болатын анықтамалар мен оған қарама-қайшы пікірлер жеткілікті. Адамдардың басым көпшілігі үшін – соның ішінде сіз үшін де – ұнату мен махаббатты қандай факторлар туындатады?

- Ұнату объектісіне қатысты сезімдер оның жоқ кезінде арта түсе ме? Әлде көзден кетсе, көңілден кеткені ме?
- Өзіңізді біреудің ұнатқанын қалайсыз ба? Әлде керісінше ме?
- Тартымды сырт келбеттің мәні неде?
- Сіздердің жылы сезімдеріңізге не себеп болды?

Достыққа жетелейтін факторлардан бастап, соңғы арақатынастарды жалғастырып, тереңдете түсетіндерін қарастырсақ.

Жақындық

Романтикалық махаббаттың тылсым табиғатына сенетіндер үшін бұл тым қарабайыр болып көрінгенімен, әлеуметтанушылар адамдардың көбі өзінің өмірлік жұбын көрші тұратын немесе өзімен бірге бір кәсіпорында, не бір компанияда қызмет ететін немесе бір оқу курстарына баратын, я болмаса қызығушылығы ортақ адамдардың арасынан табатынын баяғыдан-ақ байқаған. Айналаңызға көз салыңыз. Егер неке құрған болсаңыз, жарыңыз сізбен көршілес немесе қызметтес немесе жаяу жүріп жететін жерде оқыған адам болуы әбден мүмкін.

Өзара әрекеттесу

«Функционалды арақашықтық» – географиялық жақындықтан да маңыздырақ ұғым, ол адамдардың қаншалықты жиі жүздесіп отыратынын білдіреді. Біз өзімізбен бір мекемеде істейтін немесе бір автотұрақтарды және демалыс орындарын пайдаланатындармен достасып жатамыз. Кездейсоқ бөлмелес болып, бір-бірімен жиі араласуға мәжбүр болғандардың қас болғаннан гөрі жақын дос болып кету ықтималдығы жоғары. Колледжде бір кездері жігіттер мен қыздардың жатақханалары кампустың қарама-қарсы жағында орналасқан болатын. Сондықтан олар бір-бірімен көп кездесе бермейтін. Қазіргі кезде олар жынысына қарай бөлінбейтін жатақханаларда тұрып, ортақ жүргінші жолдарын, көпшілік тұтыну орындарын, демалыс орындары мен кір жуатын бөлмелерді пайдаланатындықтан, ерлер мен әйелдер арасында достық қарым-қатынас орнай бастады. Адамдар арасындағы өзара әрекеттестік



бір-бірінің ұқсастықтарын зерттеуге, бірін-бірі сезінуге, жақсырақ танып-білуге және өздерін қоғамның бір құрамдас бөлшегі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Жақын жүрген адамдар неліктен бірін-бірі ұнатады? Негізгі факторлардың бірі – қолжетімдік, егер адамдар түрлі мектептерге барып, екі бөлек қалада тұратын болса, олардың танысуға деген мүмкіндігі екіталай екені айдан анық. Дегенмен тағы бір мәселе бар. Адамдардың көбі екі бөлмеден кейін тұратын көршілерге қарағанда, өзімен бөлмелес немесе іргелес бөлмеде тұратын адамдарды көбірек ұнатады. Алайда екі бөлме әрі тұратындар немесе тіпті бір қабат төмен тұратын көршілер соншалық алыс, жету қиын жерде тұрады деуге болмайды. Оған қоса, алыс тұратын көршілер дос болуы да, жау болуы да ықтимал. Ендеше, не себепті арақашықтықтың қысқа болуы қастасуға қарағанда жақындасуға көбірек ықпал етеді екен?

Өзара әрекеттесу антиципациясы (өзара әрекеттесуден дәмелену)

Жақындық адамдарға өзара ұқсастықтарын тауып, біріне-бірі ілтипат білдіруге жол ашады. Дегенмен өзара әрекеттесуден дәмеленудің/әрекеттесу антиципациясының өзі адамдардың бірін-бірі ұнатуына ықпал етеді. Джон Дарли мен Эллен Бершайд осындай тұжырымға келесі эксперимент нәтижесінде келді: олар Миннесота университетіндегі әйелдерге белгілі бір екі әйел туралы екіұшты ақпарат беріп, солардың бірі құпия әңгімелесу үшін кездесуге келетінін жеткізді. Экспериментке қатысушылардан осы екі әйелдің қайсысы көбірек ұнағанын сұрағанда, олар «кездесуге келеді» дегенін таңдады. Біреумен жолығуды күтудің өзі ұнату сезімінің пайда болуына себін тигізеді. Сайлауда жеңілгеннің өзінде, жеңілген тараптың сайлаушылары жеңіске жеткен үміткерді жаманатты ететін дәлелдер таба алады.

Бұл феномен бейімделгіштік сипатта. Ұнатамын деп дәмеленген адамдар, яғни кездесетін адаммен әңгімеміз де, ой-пікіріміз, көзқарасымыз да үйлеседі деп күтетіндердің өзара тиімді қарым-қатынас қалыптастыруда мүмкіндігі анағұрлым басым болады. Антиципациялық ұнату – біреудің сүйкімді және үйлесімді болатынын күту – нәтижелі арақатынас құру мүмкіндігін арттыра түседі. Біздің өміріміз сан түрлі адамдармен құрылатын арақатынастарға толы. Қаласақ та, қаламасақ та, біз бірталай адаммен – бөлмелес көршілермен, бауырлармен, ата-әжелермен, ұстаздармен, сыныптастармен, жұмыстағы әріптестермен – үнемі әрекеттесіп отыруға мәжбүрміз. Әрине, осы адамдарды ұнату арақатынастардың жақсаруына, бақытты да жарасымды өмір сүруге жағдай жасайды.

Қайталап қараудың ықпалы

Жақын болу өзара әрекеттесуге және алдын ала көңіл қоюға жағдай жасайды, бірақ ұнату сезімінің туындауы осыған ғана байланысты емес. Жақындықтан ұнатудың пайда болуының тағы бір қарапайым себебі бар: 200-ден астам эксперимент көрсеткендей, ескіден қалған «Жақын болған сайын қадірің кетеді/Алыстан сыйласқан дұрыс» мақалы орынсыз – тым жақын болу жек көруге соқтырмайды. Тіпті керісінше, ол адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін оятады. Түрлі бейтаныс стимулдар – белгісіз сөздер, қытай иероглифтері, музыкалық туындылардың фрагменттері, бейтаныс адамдардың суреттері – көз алдына жиі түсіп тұрса, соның өзі адамдарды соларды құп көруге итермелейді.

Қайталап көру ықпалы көп қайтара тыңдалған музыкалық туындыға немесе әбден дәмі үйреншікті болған тағамды ұнату сезімі әлсіреп кетеді деген жалған нанымды теріске шығарады. Егер қайталану тым жалықтыратындай болмаса, әдетте бұл ұнатуды арттырады. 1889 жылы Парижде салынып біткен Эйфель мұнарасы гротеск жоба ретінде жаппай келеке етілген болатын. Қазіргі таңда ол – Париждің сүйікті символы. Сонымен, Париждегі Луврға келушілер Мона Лизаны шынында да ерекше көркемөнер шығармасы болғаны үшін қастерлей ме, әлде олар жай ғана таныс бейнені көргеніне қуанышты ма? Екі нұсқа да дұрыс болуы мүмкін: оны білу дегеніміз – ұнату.



Қайталап көру ықпалының әсері біздің айналамыздағыларға қатынасымызды анықтайды: бізге таныс адамдар ұнайды. Жарнамашылар мен саясаткерлер осы құбылысты өз мүддесіне сай пайдаланады. Адамдардың белгілі бір өнім немесе үміткер туралы нақты пікірі болмаған кезде, қарапайым ғана қайталау арқылы сатылымдарды немесе дауыс беруді арттыруға болады. Егер үміткерлер салыстырмалы түрде танымал болмаса, әдетте солардың арасында БАҚ арқылы ең көп көрсетілгендері сайлауда жеңіске жетіп жатады. Қайталап қарауықпалының әсерін жете ұғынатын саяси стратегтер көптеген дәлелдер келтіріп, үміткердің есімін «шегелеп» жататын жаттанды сөздерді қысқаша жарияланымдар және дауысты хабарламалармен алмастырады.

Дене бітімінің тартымдылығы

Сіз болашақ романтикалық кездесуден не күтесіз немесе күттіңіз? Шынайылықты ма? Өр мінезділікті ме? Әзілқойлықты болар? Бәлкім, сымбаттылықты шығар? Тәжірибесі жеткілікті, ақылды адамдар тартымды келбет секілді үстіртін сипаттарға аса мән бермейді; олар «сұлулықтың тек сыртқы қабат» екенін және «сіз кітапты мұқабасына қарап бағалай алмайтыныңызды» біледі. Жоқ дегенде, олар мұндайда өздерін қалай сезіну қажет екенін жақсы біледі. Цицеронның берген ақыл-кеңесіне сай: «Сыртқы келбет тартымдылығына елікпеу қажет».

Адамның сырт келбеті маңызды емес дегенге сену – оның бізге деген шынайы әсерін ұғынбайтынымыздың тағы бір мысалы бола алады, себебі бүгінде сыртқы келбеттің мәні зор екенін дәлелдейтін ғылыми-зерттеулер жетіп артылады. Осы әсердің тұрақтылығы мен жан-жақтылығы таң қалдырады. Тартымды келбет – айтарлықтай артықшылық.

Тартымдылық пен танысу/романтикалық кездесулер

Сізге бұл ұнасын-ұнамасын, бірақ жас әйелдің физикалық тартымдылығы оның романтикалық кездесулерге қаншалықты жиі баратынын анықтаушы айтарлықтай жақсы алғышарт, ал жас жігіттің тартымды болуы – оның романтикалық кездесулерге қаншалықты жиі баратынын көрсететін орташа алғышарт. Эксперименттерде ер адамдар, қоғамдық пікірді анықтайтын сауалнамалардағыдай, қарсы жынысты адамның физикалық тартымдылығына біршама басым мән береді.

Бәлкім, осыны сезгендіктен де болар, әйел адамдар сыртқы келбетіне байланысты көбірек алаңдап, америкалық косметикалық хирургия пациенттерінің 90 пайызын құрайтын болды. Сонымен бірге әйелдер адамның аяқкиімінің түсіне байланысты сұраққа немесе біреудің киген киімі, не шашына қатысты сауалға оңай жауап беріп, басқалардың сыртқы келбетін жақсырақ есте сақтайды.

Жарасымдылық феномені

Барлық адам керемет тартымды адаммен жұп құра алмайды. Олай болса, адамдар қалай жұптасады? Бернард Мурштейн мен басқалардың зерттеулеріне қарағанда, олар шындыққа бағынады. Олар тартымдылығы өзімен шамалас келетін адамдармен жұп құрады. Зерттеулер ерлі-зайыптылар, кездесіп жүрген жұптар мен тіпті белгілі бір ерлі-зайыптылардың нақтылы тартымдылығы арасындағы үйлесімділікті анықтады. Адамдар әдетте өздерінің ақыл-парасаты, танымалдылығы мен өзін-өзі құрметтеу деңгейі жағынан ғана емес, тартымдылық жағынан да өздеріне «жақсы жарасатын» адамдарды дос ретінде таңдайды және осы ұстанымын әсіресе жар таңдағанда басшылыққа алады. Эксперименттер осы жарасымдылық феноменін растап отыр. «Иә» немесе «жоқ» деп жауап беруі мүмкін екенін біліп, кімге жақындауды таңдамас бұрын адамдар көбіне тартымдылығы жағынан өздеріне үйлесетін адаммен қарым-



қатынас құрып, байланыс орнатуға барынша күш салады. Олар қалаулысы болатын жанды іздей отырып, өздерінің қаншалықты қалаулы болуы мүмкін екенін естен шығармайды. «Физикалық жарасымдылық та адамдардың жақсы тіл табысып кетуіне септеседі», – дейді Лос-Анджелестегі Калифорния университеті жұптарының танысуын зерттеген Грегори Уайт. Физикалық тартымдылығы өзара лайықты адамдар әдетте 9 айдан кейін бір-біріне шындап ғашық болған.

Бәлкім, осы зерттеу сіздің есіңізге тартымдылық деңгейі әртүрлі, бірақ бақытты болған жұптарды түсірген шығар. Бұл жағдайларда әдетте тартымдылығы төмендеу адамның да өзіне ғана тән жақсы қасиеттері болады. Әрбір жұптасушы адам әлеуметтік нарыққа өз активтерін ұсынады, ал лайықты активтердің құны әділетті жарасымдылыққа жол ашады. Танысуға арналған онлайн қызметтердегі өзін-өзі жарнамалау мен таныстырулар – осындай активтер айырбасы. Ер адамдар әдетте мәртебесін немесе дәулет-мүлкін бетке ұстап, жас әрі тартымды адамды іздейді; әйелдер, өз кезегінде, керісінше істейді: «Тартымды, сүйкімді, сымбатты әйел, 26 жаста, мейірімді, кәсіби ер адамды іздейді». Өз табысы мен білімін жарнамалайтын ер адамдар және өз жастығы мен сымбатты келбетін жарнамалайтын әйелдер жарияланымдарына жауап көбірек келеді. Активтерді теңдестіру процесі сұлу да жас әйелдер әлеуметтік мәртебесі анағұрлым жоғары егде жастағы ер адамдарға не себепті тұрмысқа шығатынын түсіндіруге көмектеседі. Ер адам дәулетті болған сайын, әйелі де соғұрлым сұлу болады.

Физикалық тартымдылық стереотипі

Адамның тартымды болуы сексуалды тартымдылыққа байланысты ма? Олай емес сияқты, мұны зерттеушілер тартымды адамның бет-жүзіне визажистің көмегімен тыртықтар, көгерген тұстар немесе меңдерді салдырып, тартымсыз етіп көрсетуге тырысқанда анықтады. Глазго пойыздарының ер және әйел жолаушылары бет-жүзі бүлінген жолаушының қасында отырудан қашқақтағаны байқалды. Оның үстіне, біз келбетті адамдар белгілі бір ұнамды сипаттарға ие деп пайымдаймыз. Басқа өлшемдер тең болған жағдайда, біз сұлу адамдар шыншылдығы басым болмаса да, бақыттырақ, сексуалдық тұрғыдан тартымдырақ және анағұрлым жайдары, ақылды әрі табысты болады деп санаймыз. Бәрін қосқанда, алынған нәтижелер дене тартымдылығының стереотипін анықтайды: әдемі, демек, жақсы. Егер физикалық тартымдылық осыншалықты маңызды болса, онда адам тартымдылығы туралы үнемі өзгеріп отыратын көзқарас оған деген басқалардың пікірін де өзгертуі тиіс қой. Алайда біреудің сыртқы келбетін өзгерту әдепке жата ма? Мұндай өзгертулерді косметикалық хирургтер мен ортодонттар жылына миллион мәрте жасайды. Тістерді түзетіп, ағарту, шашты жасанды «өсіріп», бояу, бет терісін тарту, денедегі артық майларды сылып тастау, омырауды үлкейту, тарту немесе кішірейту секілді түрлендірулерден соң өз келбетіне риза болмай келгендер осы процедураларға көңілі толып, қанағаттанады, алайда кейбір риза болмаған пациенттер бұл жетістікпен тоқталмай, процедураларды жалғастырып жатады.

Осындай түрленулердің басқаларға деген әсерін зерттеу үшін Майкл Калик Гарвард студенттерінен сегіз әйелдің косметикалық операцияларға дейін және кейін түсірілген суреттеріне қарап, өз пікірін айтуды сұраған. Олар әйелдерді операциялардан соң біршама тартымдырақ деп қана емес, анағұрлым мейірімді, сезімтал, сексуалды тұрғыда сүйкімдірек және қайырымды болды деп есептеген. Сұлу адамдар, шынында да, жағымды қасиеттерге ие ме? Басқа жағынан, «сұлулықты – игілік деп санау... оғаш иллюзия» деп жазған Лев Толстой сөзінің рас болғаны ма? Дегенмен стереотиптің шынайы тұсы да бар. Сүйкімді балалар мен жеткіншектер өзіне біршама сенімді, көпшіл және әлеуметтік тұрғыда бейімделгіш келеді. Бір зерттеуде Джорджия университетінің 60 ер адамы университеттің үш студент қызының әрбірімен 5 минут бойы телефон арқылы сөйлескен. Осыдан соң ер адамдар мен әйел адамдар телефон арқылы тілдескен бейтаныс адамдардың арасынан анағұрлым әлеуметке икемді және ұнамды болып сезілгенін таңдағанда, олар шынында да ең тартымдылары болып шыққан. Сырт келбеті тартымды адамдар әдетте біршама танымал, анағұрлым жайдары, ер адам – дәстүрге сай шымыр денелі, ал әйелдер анағұрлым нәзік болуға бейім келеді. Тартымды және тартымды емес адамдар арасындағы осындай аздаған орташа айырмашылықтар, бәлкім,



қисынды заңдылықтардың нәтижесі шығар. Көрікті адамдар құрметтеледі және ұнамдырақ болады, сондықтан олардың көбі әлеуметтік тұрғыда өз-өздеріне сенімді келеді. Осы талдауға сай, сіздің әлеуметтік шеберлігіңіздің шешуші тұсы сіздің келбетіңізде емес, адамдардың сізге деген көзқарасы мен өзіңіздің өзіңізге деген қатынасыңызға байланысты – өзіңіз қандай болсаңыз, солай қабылдап, өзіңіз оңаша болғанда жайлы сезінуіңізде.

Кім тартымды?

Біз тартымдылықты кей адамдарда артық, кей адамда кем болатын, мысалы, бойы секілді әлдебір объективті өлшем ретінде қарастырдық. Шындап келгенде, тартымдылық дегеніміз – адамдар кез келген жерде және кез келген уақытта тартымды деп санайтын дүние. Әрине, бұл өзгеріп тұрады. Әлем Аруы өлшемдерімен анықталатын сұлулық стандарттар бүкіл жер жүзіне лайықты деу артық болар.

Эволюция және тартымдылық

Эволюциялық перспективаны ұстанатын психологтар адамдардың өзіне тартымды жұп іздеуін репродукциялық стратегия тұрғысынан түсіндіреді. Олардың пікірінше, сұлулық биологиялық тұрғыда маңызды ақпаратты білдіреді: бұл – денсаулық, жастық және репродукциялық қабілеттілік. Өмірде де солай. Келбеті тартымды ер адамдардың шәуеті анағұрлым сапалы болады. Бала туу мүмкіндігі мықты көрінетін әйелдерге үйленген ер адамдар уақыт өте келе өздерінің интимді өмірінде осы әйелдермен тіпті олардың етеккір үзілісінен кейін де бақытты болатыны белгілі. Дэвид Бусстың адамзат тарихының биологиялық тұжырымы – Австралиядан Замбияға дейінгі – 37 мәдениеттегі ер адамдардың шынында да репродуктивті қабілеті мол жас әйелдерді таңдайтынын көрсетті.

Эволюционист-психологтардың пайымынша, эволюция әйелдерді де ерлердің отбасын асырау және қорғау қабілетін білдіретін сипаттарына тәнті етеді. Ер адамдарды болашақ жұбы ретінде сынап отырып, әйелдер де оның белі мен бөксесінің арақатынасының үйлесіміне мән береді, себебі бұл көрсеткіштер оның денсаулығы мен ширақтығын байқатады. Әйелдерге шымыр денелі ерлер анағұрлым сексуалды болып көрінеді, ал бұлшықеті мықты ерлер өздерін айрықша сексуалды сезініп, жыныстық қатынас құрған жұптарының көп болғанын айтады. «Бұл жайттың эволюциялық мәні бар, – дейді Джаред Даймонд. Шымыр денелі ер адам жүдеу жігітке қарағанда қорек табуда, үй салуда және қарсыластарын жеңуге мүмкіндігі басым келеді. Алайда қазіргі әйелдер табысы жоғары ер адамдарды дұрыс көреді».

Әлеуметтік салыстыру

Біздің жыныстық жұптасуымыздың өзіндік биологиялық заңдылығы бар болғанымен, тартымдылық заңының ондай қатаң өлшемдері жоқ. Не нәрсе тартымды? Бұл – сіздің салыстырмалы өлшемдеріңізге байланысты. Журнал мұқабаларындағы қыз-келіншектерге назар қоя қараған ер адамдар үшін ажары орташа әйел адамдар, тіпті өздерінің әйелдері онша тартымды болып көрінбеуі мүмкін. Қызу сезімге толы жыныстық қатынасты бейнелейтін порнографиялық фильмдерді қарау да өз жұбыңа қанағаттануды төмендетеді. Біреудің қозып тұрған күйі айналасындағы қарсы жынысты адамға тартымды болып көрінуі ғажап емес.

Біздің өзімізді-өзіміз қабылдауымыз да осы қағидамен іске асады. Адамдар өзімен жынысы бір өте тартымды адамды көргенде, көріксіз адамды көргендегідей емес, өздерін оншалықты тартымды сезінбейді.



Сүйіктілеріміздің тартымдылығы

Тартымдылық туралы әңгімемізді оптимистік тұрғыда тоқтатайық. Біріншіден, бұл – 17 жастағы сүйкімді бойжеткен 30 немесе 50 жасқа келгенде де тартымды болады деген сөз емес. Кейде орташа статистикалық, елеусіз жасөспірім әсіресе мінезі сүйсінерлік болса, орта жаста айтарлықтай тартымды ересек адамға айналады.

Екіншіден, біз тартымды адамдарды ғана өзімізге ұнамды ретінде қабылдап қана қоймаймыз, өзімізге ұнаған адамдарды да тартымды деп санаймыз. Бәлкім, сіз кей адамдарды айтарлықтай тартымды деп санай бастаған кезіңізді еске түсіре алатын боларсыз. Олардың физикалық кемшіліктері онша байқалмайтын секілді болып кетеді.

Оған қоса, сүйіспеншілік тек сүйкімді нәрселерді ғана байқайды: әйел адамның ер адамға деген сүйіспеншілігі мықты болған сайын, ол оның көзіне физикалық тұрғыда тартымдырақ болып көрінеді; бір адамға ғашықтығы артқан сайын адамдар айналасындағы өзге жынысты басқа адамдарды тартымды деп есептемейді. Ұқсастық пен өзара сәйкестік Біздің талқылауымыздан біреулер Лев Толстойдың «махаббат... кездесу жиілігіне, шаштың үлігісіне, көйлектің түсі мен пішіміне тәуелді» деген сөзі рас екен деп ұйғаруы мүмкін. Қалай болғанда да, уақыт өтісімен таныстық достыққа ұласатын-ұласпайтынына басқа факторлар әсер етеді.

Ұқсастықтан ұнатушылық туындайды

Себеп пен салдарды ажырату үшін біз эксперимент жасаймыз. Елестетіп көріңіз, студенттік кеште Лакеша Лес пен Лонмен ұзақ уақыт саясатты, дінді және өздері ұнататын және ұнатпайтын нәрселерді талқылайды. Ол Леспен барлық дерлік мәселелерде келісетінін және тек кейбір мәселеде пікірі ұқсас екенін байқайды. Одан соң ол «Лес, шынында да, сондай ақылды... және сондай жағымды екен. Қайта кездесерміз деп үміттенемін» деп ойлайды. Эксперименттерде Донн Бирн мен әріптестері Лакеша тәжірибесінің мәнін ұғына білді. Біреумен көзқарастары ұқсас келген сайын адам оны ұната түсетінін олар әр экспериментте қайта-қайта растап отырды.

Айырмашылық жақтырмауды туындатады

Басқа адамдардың көзқарасы біздің көзқарасымызбен ортақ деген ағат пікіріміз бар. Өзіміз сүйетін адамдар бізге ұқсайды деп санауға бейімбіз. Біреумен танысып, оның бізден айырмашылығы бар екенін білгенде, сіз оны онша ұнатыңқырамай қаласыз. Бір саяси партияға мүше адамдар өздерінің әріптестерін онша ұната қоймаса да, оппозициядағыларға жұмыла қарсы тұрады. Жалпы алғанда, көзқарастары ортақ адамдардың бірін-бірі ұнатқанына қарағанда, көзқарастары алшақ адамдардың бірін-бірі ұнатпау сезімі әлдеқайда күштірек болады.

Бір-біріне ұқсамайтын адамдар бірін-бірі жақсы көре ме?

Зерттеушілер тек достар мен ерлі-зайыптылардың ғана емес, құрдастардың, діні, нәсілі ортақ адамдардың, темекі шегушілердің, мінез-құлқының, экономикалық деңгейінің, білімінің, бойының, ақыл-парасаты мен сыртқы келбетінің ұқсастықтары бар адамдардың көзқарастары мен нанымдарын салыстыра отырып, бұл мәселені қарастырып көрді. Осы және көптеген басқа да қатынастарда әлде де ұқсастық басым болып тұр. Тең – теңімен. Бұл ақылдыларға, дәулеттілерге, протестанттарға, бойы биіктерге, сұлуларға да қатысты.



Бізді ұнататындарды ұнату

Әдетте ұнату сезімі екі жаққа ортақ болады. Кісіні өзіне баурап алатын тартымды адамдарды алғаш көргенде-ақ ұнатып қаламыз, ал мінез-құлқы, ой-пікірі ұқсас адамдардың арасындағы жақсы көру сезімі ұзаққа созылады. Егер біз өзімізді біреудің жақсы көргенін қалап тұрсақ, демек, сол адамды өзіміз де іштей ұнатуымыз керек қой? Достықтың үздік үлгілері өзара тәнті болудың салдары емес пе? Расында да, бір адамның екіншісіне деген ұнату сезімі екі жақты ұнатушылықты туындатады, яғни сен біреуді жақсы көрсең, ол да сені жақсы көреді. Адамдардың бір-біріне қалай ғашық болғанын баяндайтын әңгімелер осыны растайды. Егер бір тартымды адамның сізді шынында да ұнатып қалғанын білсеңіз, ішіңізде романтикалық сезімдер пайда болатын секілді. Эксперименттер мұны дәлелдеп отыр: біреудің өзін ұнатқанын немесе ғашық болғанын естіген адамдар әдетте өзара тартылысты сезіне бастайды.

Біз өзімізді ұнататын адамдарды ұнатып тұратынымыз бұрыннан анықталған. Көне заман философы Гекатон «Біреудің сүйгенін қаласаң, өзің сүйе біл» деп, Ральф Уолдо Эмерсон «Дос табудың бір ғана жолы – жалғыз болу» деп, Дейл Карнеги «Мадақ сөзге сараң болма!» деп мұның нәтижесін болжай білген. Алайда олардың болжай алмағаны – осы қағида іске асуға қажетті нақты жағдайлар.

Атрибуция

Зертханалық эксперименттер алдыңғы аталған жайларды растап отыр: біздің реакцияларымыз атрибуцияларымызға тәуелді. Біз жарамсақтықты пайдакүнемдік мақсатқа пайдалана аламыз ба? Адам бізді бірдеңе сатып алуға, интимдік байланысқа келісуге, жәрдем беруге мәжбүр ете ала ма? Егер шынымен де солай болатын болса, мадақтың не мәні бар?. Соған қарамастан, көп жағдайда біз жағымпаздандуды да, жағымпазды да жылы қабылдаймыз.

Арақатынастардың марапатталуы

Біреумен не себепті дос болғанын немесе серігінің қай қасиеті ұнағанын сұрағанда, адамдардың көбі «Кэролдың маған ұнайтын себебі – ол шырайлы, ақылды және білімді» деп жауап береді. Бұл жауаптың сыртында қалған және әлеуметтік психологтар маңызды деп санайтын мәселе – біздің өзіміз. Екі адамның бір-біріне ықыласты болуы – өздеріне байланысты. Сондықтан психологиялық тұрғыда толымды жауап былай болуы қажет: «Кэролдың маған ұнайтын себебі – оның қасында болған кезде ерекше сезімде боламын. Маған ол ұнайды». Бізге қажеттіліктерімізді қанағаттандыратын және қасында болған кезде өзімізді қуанышты сезінетін адамдар ұнайды.

Тартымдылық адамның көзінде (және миында) болады

Бұл тұжырымды тартымдылықтың марапаттау, «пайда әкелу» немесе сыйласу теориясы ретінде түсіндіруге болады: бізге ұнайтындар – бізге сый, «пайда» әкелетіндер; марапат беретіндер. Егер қарым-қатынасымыз біз үшін шығынға қарағанда пайданы көбірек әкелетін болса, бұл бізге ұнайды және қарым-қатынасымыздың жалғаса беруін қалаймыз. Адамдарға пайдасы тиетін үш тапсырманы орындау жүктелген канадалық балалар әлеуметтік бейімдігі жоғары және жақсылық жасауға жаны құштар жеткіншектер болып шықты – олар басқаларға көмектескендіктен, достары да көбейді. Өзінің 1665 жылғы «Максималар» кітабында Ларошфуко: «Достық дегеніміз – екі жақты қызмет және сыйласу механизмі, бұл жерде өзін-өзі құрметтеу сезімінің мәні зор», – дейді.

Бізге қасымызда болғаны қандай да бір себеппен тиімді адамдар ғана емес; оған қоса, мінез-құлқы, түр-келбетімен жағымды әсер қалдыратын тартымды адамдар да ұнап жатады. Көңілде



жақсы әсер қалдыратын оқиғаларды еске түсіретін адамдар да жылы сезім туындатады. Бізге белгілі бір марапат және тиімділікпен/пайдамен ассоциацияланатын адамдар ұнайды дейтін тартымдылықтың осы бір қарапайым теориясы – адамдар не себепті жағымды ассоциация туғызатын, сенімді және қайырымды адамдарға ұмтылатынын түсіндіреді. Марапат теориясы адамдардың өзара тартылысының кейбір ықпалдарын ұғынуға көмектеседі.

Жақындық тиімді, пайдалы. Жақын жерде тұратын немесе қызмет ететін адаммен дос болу артықшылықтары көп. Ең бастысы, уақытың мен күшіңді үнемдейсің.

- Бізге тартымды адамдар ұнайды, себебі олардың бойынан басқа да қалаулы сипаттардың табылатынын сезінеміз және оларға байланысты ассоциациялардың ұтымды екенін ұғынамыз.

- Егер басқалардың пікірлері бізге ұқсас болса, өзімізді марапатталғандай, пайда тапқандай сезінеміз, өйткені ұнатуымызға орай жағымды жауап алатынымызды сеземіз. Оның үстіне, бізбен пікірлес адамдар осы пікірлерді дәйектеуге көмектеседі. Ой-пікірін біздің ой-пікірімізге ұқсатып өзгерту қолынан келген адамдар бізге ерекше ұнайды.

- Біз адамдарға ұнағанды жақсы көреміз және сүйікті болғанды сүйеміз. Әдетте ұнату сезімі екі жақты болады. Біз өзімізді ұнатқанды ұнатамыз.

Қорытынды

Қандай да бір екі адамның дос болуына жол ашатын нәрсе – олардың өзара жақын тұруы. Жақын болу қайта әрекеттесуге және өзара ықпалдасуға жағдай жасайды, бұл адамдардың өзара ұқсастықтарын байқап, бір-біріне деген ұнату сезімінің туындауына жол ашады.

- Адамдардың бірін-бірі ұнатуына, ең алдымен, физикалық тартымдылық себепші. Зертханалық жағдайда да, «көрмей-білмей» кездесу секілді сыртқы жағдайларда да колледж студенттері әдетте тартымды адамдарды таңдағанды құп көреді. Дегенмен күнделікті өмірде адамдар тартымдылығы өзіне сай адамдарды немесе тартымдылығы төмен болатын болса, басқа да орнын толтырушы қасиеттері бар адамдарды таңдауға бейім болады. Тартымды адамдардың позитив атрибуциялары – физикалық тартымдылықтың стереотипін – сұлу, демек, жақсы деген секілді пікірді анықтайды.

- Ұнату сезімінің туындауына көзқарастардың, наным-сенімдердің және олар ерекше бағайлатын құндылықтардың ұқсастығы біршама әсер етеді. Ұқсас қасиеттері көп адамдар бірін-бірі ұнатуға бейім болады; мінезі, көзқарасы қарама-қайшы адамдар бір-біріне жақындай қоймайды.

- Сонымен бірге біз өзімізді ұнататын адамдармен достық қатынаста болғанды жөн көреміз.

- Марапаттау/пайда әкелу теориясына сай, бізге мінез-құлқы өзімізге жағымды немесе бір оқиғалармен ассоциацияланатын адамдар ұнайды.